

## Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 102 қаулысы. Қостанай облысы Қарасу ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 12 сәуірде № 9-13-148 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандығы Заңына, "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Қостанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы (келісім бойынша) 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы республикалық Ұланына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне мерзімді әскери қызметке әскерге шақыруды жүргізуді ұйымдастырысын және қамтамасыз етсін.

2. Қарасу селосында шақыру пункті ұйымдастырылсын.

3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының Ішкі істер департаменті Қарасу ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) әскерге шақыруды өткізу және командаларды жөнелту кезеңінде:

1) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілікті орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді жүзеге асыру;

2) әскерге шақыру пунктінде және әскерге шақырылуышыларды "Қостанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінен жөнелткен кезде қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің орынбасары Б.Б. Уәлиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданыска енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

Қарасу ауданының әкімі

А. Сейфуллин

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Қостанай облысы Ішкі істер

департаменті Қарасу ауданының

ішкі істер бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Е. Махмұтов

"Қостанай облысы Қарасу

ауданының қорғаныс істері

жөніндегі бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ А. Мұқашев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК